# ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ӘДІСНАМАСЫ

# *ФИШБОУН әдісі*



# *Педагогика ғылымының әдіснамасы туралы түсінік*

“**Методология**” грек тілінен аударғанда «әдіс туралы ғылым» деген мағынаны білдіреді. «метод» «әдіс» термині тікелей нақты бір нәрсеге деген жол ретінде анықталды,яғни методология мағынасы жағынан бір нәрсені тану туралы ғылым болады.

presentation-creation.ru

# Әдіснаманың салалары

***Практикалық саласы:***

**Практика әдіснамасы іс-әрекеттің құрылымы, логикалық ұйымдастырылуы, әдіснамалық құралдары туралы ақпараттардың дәйектілігін қамтамасыз етеді.**

***Ғылыми саласы:***

**Ғылым әдіснамасы ғылыми білімдердің құрылымын, ғылыми танымның құралдары мен әдістерін, білімді дамыту жолдарын зерттейді.**

presentation-creation.ru

# Педагогика әдіснамасы

***Педагогика әдіснамасының объектісі*** - жеке тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және дамыту құбылыстарын тану.

***Педагогика әдіснамасының пәні*** – жаңа адамды қалыптастыру үрдісінің заңдылықтары.

presentation-creation.ru

# Ғалымдар тұжырымдамалары

***Педагогика әдіснамасы- бұл таным формасы мен процедурасы және педагогикалық ақиқаттың шыңдалуы туралы ілім***

***(П.И.Пидкасистый)***

***Педагогика әдіснамасы педагогикалық теория туралы білім, көзқарастар мен ұстанымдарды табу тәсілдері***

***(М.А.Данилов)***

***Педагогика әдіснамасы аксиологиялық үлгі арқылы құрылған ғылыми-педагогикалық зерттеу логикасы***

***(Е.В.Бережнова)***

presentation-creation.ru

# Ғалымдар тұжырымдамалары

**В.В.Краевский:** Педагогика әдіснамасы - педагогикалық шынайлылықты бейнелейтін теорияның негіздері мен құрылымы, білімдерді жасау тұғырлары, ұстанымдары мен тәсілдері туралы білімдер жүйесі, сонымен қатар осындай білімдер алу мен арнайы ғылыми-педагогикалық зерттеулердің бағдарламасын, логикасы мен әдістерін негіздеу, сапасын бағалау әрекеттері жүйесі

presentation-creation.ru

**Дескриптивтік әдіснама -** ғылыми білімнің құрылымы мен ғылыми таным заңдылықтары жөніндегі білім, зерттеу үрдісіне бағыт бағдар береді.

**Прескриптивтік әдіснама** - зерттеу іс-әрекеттерін реттеудің жобасын белгілейді.

**Теориялық негіздері**

ғылым әдіснамасы, оның деңгейлерінің (жалпы философиялық, жалпы ғылыми, нақты ғылыми) әрекеттер жүйесі мен білім жүйесі ретіндегі сипаты, зерттеу техникасы

**Нормативтік негіздері**

педагогикадағы ғылыми таным, ғылыми зерттеу жұмыстары, мақсатының сипаты, зерттеудің арнайы объектісін анықтау; педагогикалық зерттеулердің типологиясы; танымның арнайы құралдарын пайдалану

# Әдіснаманың деңгейлері




presentation-creation.ru

# Диалектика

*Педагогика ғылымының әдіснамасы философиялық диалектикаға негізделеді.*

*Диалектика табиғат құбылыстарын зерттейтін, адам санасына бағынатын жалпы заңдар жайлы ғылым.*

presentation-creation.ru

# Диалектика

***Диалектиканың негізгі заңдары:*** қарама-қайшылықтардың бірлігі мен күресі, сан өзгерістерінің сапа өзгерістеріне және кері айналуы, терістеуді терістеу.

***Диалектиканың ұғымдары*****:** кеңістік пен уақыт, жекелік және жалпылық, себеп пен салдар, мазмұн мен түр, мән мен құбылыс, қажеттілік пен кездейсоқтық, мүмкіндік пен шындық.

presentation-creation.ru

## Э.Г.Юдин: әдіснамалық білімдер құрылымының төрт деңгейі




presentation-creation.ru

**Әдіснаманың философиялық деңгейін** философиялық білім жүйесі (категориялық аппарат - термин, заң, заңдылық, тұғыр, теория) құрайды. Бұл деңгейде зерттеу бағыттарын, стратегиясын, пәні мен объектісін анықтау тәсілдерін қамтамасыз ету қызметі іске асырылады.

**Әдіснаманың жалпығылыми деңгейі** теориялық тұжырымдарды белгілейтін, көптеген ғылыми пәндерге бағдар беретін теориялық тұғырларды (жүйелілік, іс-әрекет, тұлғалық-бағдарлық), нақты ақиқат-шындықты бейнелеп көрсететін жалпығылыми идеялар мен теорияларды (іс-әрекет, тұлға, жүйе, мәдениет) қамтиды.

**Әдіснаманың нақты-ғылыми деңгейі** бұл арнайы ғылыми пәннің әдістерін айқындап, зерттеу қағидалары мен ұйымдастыру жолдарын, зерттеу процедурасын белгілейді.

**Әдіснаманың технологиялық деңгейі** зерттеудің әдістемесі мен техникасын құрайды. Бұл деңгейдегі әдіснамалық білім нақты нұсқаулық сипатқа ие.

Активация Windows
Чтобы активировать Windows, перейдите в раздел "Параметры".

# НАЗАР АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!

presentation-creation.ru